

«БЕКІТЕМІН»

МКҚК «Білім беруді
жаңғырту» орталығының
басшысы

С. Мадеев

« _____ » 2022 ж



«ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ - 2022»

қалалық байқауы

ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Жалпы орта білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтер арасында қалалық шығармашылық «Үздік әлеуметтік педагог – 2022» (бұдан әрі – Байқау) өткізу қағидалары оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

1.2. «Үздік әлеуметтік педагог - 2022» шығармашылық байқауы білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша әлеуметтік педагогтардың жұмыс тәжірибесін жетілдіру және шығармашылық әлеуетін іске асыру және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында өткізіледі.

Міндеттері:

- талантты әлеуметтік педагогтерді анықтау;
- озық кәсіби тәжірибені тарату және ұйымдардың әлеуметтік педагогтерінің шығармашылық құзыреттіліктерін кәсіби дамытуды қамтамасыз ету;
- педагогтердің әдістемелік әзірлемелері негізінде бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін кеңейту.

1.3. Байқау Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК ұйымдастырады.

1.4. Байқау қашықтықтан және офлайн форматта өткізіледі.

2. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын құрайды. Қазылар алқасы Білім басқармасының, Білім беруді жаңғырту орталығының қызметкерлерінен, қала педагогтер, әдіскерлер, кәсіби байқау жеңімпаздары қатарынан қалыптастырылады.

2.2. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалау парақтары мен түсініктемелері құпия ақпарат болып табылады, көрсетілмейді және берілмейді.

2.3. Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды.

2.4. Қазылар алқасы мүшелерінің шешімі хаттамамен ресімделеді, түпкілікті болып табылады, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқау әлеуметтік педагогтар арасында өткізіледі:

3.2. Байқау кезеңдері:

Байқау екі кезеңнен тұрады:

I кезең 2022 жылғы 6 - 21 қыркүйек аралығында қашықтық форматта өтеді.

1. Байқауға қатысушылар ұзақтығы 5 минуттан аспайтын «Мен-әлеуметтік құтқару қызметі», «Мен әлеуметтік педагогпын» (таңдауға болатын тақырыптар) тақырыптарында әлеуметтік педагог ұсынатын және жұмыс тәжірибесі туралы баяндайтын бейнеролик ұсынады.

2. «Іске асырылатын әлеуметтік-педагогикалық практиканы әдістемелік әзірлеу» байқау – жоба қатысушы өз практикасында өткізген әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы жоба (білім алушыларды, ата-аналарды (заңды өкілдерді), педагог қызметкерлерді таңдауға). Әдістемелік әзірлеме Microsoft Word форматында ресімделеді, мәтінде кестелер, схемалар, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар болуы, қосымшада презентациясы болуы мүмкін.

Бағалау критерийлері:

1. Жобаның мазмұны: жобаның тақырыбы, мақсаты, міндеттері және болжамды нәтижелері қатысушылардың ерекшеліктеріне сәйкес дәл және нақты тұжырымдалған.

2. Жобаны ұйымдастыру: мазмұны, құрылымы, технологиялары, жұмыс әдістері, тәсілдері, іс-шараны ресурстық қамтамасыз ету мәлімделген тақырыпқа, мақсатқа, міндеттерге және болжанатын нәтижелерге сәйкес айқындалған және негізделген.

3. Жобаны таныстыру: әзірленген жоба жоспарға сәйкес тұтас ұсынылған; кәсіби терминология дұрыс пайдаланылған; әзірленген жобаны көрнекі ұсыну қамтамасыз етілген.

Байқаудың I кезеңіне қатысу үшін өтінім мен бейнематериалды (MP4 бейне форматы, сапалы), «Іске асырылатын әлеуметтік-педагогикалық практиканың әдістемелік әзірлеу» (Microsoft Word әзірлемесі, таныстырылымы) **2022 жылғы 18 қыркүйекке** дейін Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығына электрондық пошта арқылы жіберу қажет: luchshiysotsialnyypedagog@mail.ru.

Жобаны әдістемелік әзірлеу, көлемі баспа мәтіннің 5 парағынан аспайды, титулдық бетте жұмыстың атауы, автор туралы қысқаша мәліметтер (ТАӘ, білім беру мекемесі, лауазымы, педагогикалық өтілі, біліктілік санаты), мәтін форматы: А 4 қағазы, Times New Roman қарпі (кегль 14, жоларалық интервал – дара) көрсетіледі. Әр бетте барлық өрістер бар (төменгі, жоғарғы, сол, оң). Беттерді нөмірлеу жүргізіледі. Жобаның әдістемелік әзірлемесінде мыналарды көрсету керек: мақсаты, міндеттері, жабдықтары, оқушылардың

іс-әрекетін ұйымдастыру нысандары, жобаның мазмұны, нәтижелері, көздері).

Титулдық парақта келесі ақпарат болуы керек:

- білім беру мекемесінің толық атауы;
- жоба атауы;
- әлеуметтік педагогтың деректері (Толық аты-жөні, лауазымы).
- Жобаға әзірленген дидактикалық бағдарламалық материалдар (презентациялар, үлестірме материалдар және т.б.).

2022 жылғы 23-29 қыркүйек аралығында барлық қатысушылар ІІ кезеңге (өтетін орны әл-Фараби оқушылар сарайы) қатысады.

Байқаудың ІІ кезеңі офлайн форматта өтеді

1. «Кәсіби кейстер» - кәсіби кейс байқауына қатысушының шешімі және оның жұмысты таныстыруы. Кәсіби істі шешу проблемалық әлеуметтік-педагогикалық жағдайды талдау мен бағалауды, сондай-ақ мәселені шешуді қамтуы керек.

2. Қатысушылар 2-ші байқау жұмысын, бейнематериалдар жобасын, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің, білім алушылардың, ата-аналардың «Ата-аналармен жұмыс», «Білім алушылармен жұмыс», «Педагогикалық ұжыммен жұмыс» жұмысында әлеуметтік-педагогикалық көмек пен қолдауды ұсынады (тақырыптар таңдау бойынша), ұзақтығы 10 минуттан аспайтын бір жоба, тақырыптар бойынша: «Әр отбасының құнды дәстүрі», «Өзіңе және басқаларға көмектес», «Менің тілім – жүрегімде» жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулыған, заманауи білімге ие, бәсекеге қабілетті, дені сау ұрпақты тәрбиелеу мақсатында.

Байқауға қатысушылар арнада орналастырылған бейнематериалға сілтеме ұсынады <http://www.youtube.com>, жобаны әзірлеу, электрондық поштаға ұсыну luchshiysotsialnyypedagog@mail.ru, MP4 бейне форматы (сапалы), Жобаны электронды түрде әзірлеу, дидактикалық бағдарламалық материалдар.

3. «Кәсіби әңгіме», «Блиц-сұхбат» Ток-шоуы.

Байқау әлеуметтік-педагогикалық көмектің өзекті мәселелері бойынша («сұрақ-жауап») сұхбат түрінде өткізіледі. Байқау тапсырмасының тақырыптық бағыттарын Кәсіби стандарт ережелеріне және әлеуметтік педагог қызметінің ерекшелігіне сәйкес қазылар алқасы анықтайды. Регламент: 2 минут.

Бағалау критерийлері:

- мәселеге сәйкестік;
- нәтижелілік;
- мазмұны мен дәлелділігі;
- кәсіби құзыреттілік;
- презентация логикасы, сауаттылық;
- сөйлеу мәдениеті.

Қазылар алқасының шешімі негізінде ІІ кезеңнің үздік жұмыстары «Әлеуметтік педагогтың үздік әдістемелік әзірлемелері» жинағына енеді. Байқау ұйымдастырушылары байқау тақырыбына сәйкес келмейтін жұмыстарды қатыспауға құқылы.

Электронды нұсқада келесі құжаттар ұсынылады:

Байқауға қатысушылар **II кезеңнің** байқаудың материалдарын **2022 жылғы 28 қыркүйекке** дейін Нұр –Сұлтан қаласының білім беруді жаңғырту орталығына келесі электрондық поштаға жіберуі тиіс: luchshiysotsialnyypedagog@mail.ru.

1. Бейнематериал жобасы. ((Бейнематериал тоқтаусыз, кесусіз және монтажсыз болуы тиіс). Барлық жазу кезінде педагогтың беті көрініп, дауысы естілуі тиіс, ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс. Бейнематериалдың атауында қатысушының деректері болуы тиіс: педагогтың аты-жөні, номинация.

Бағалау критерийлері:

- Өзектілігі;
- Құндылық негіздері және мақсатты;
- Материалдың негізгі компоненттерге (тақырыпқа, идеяға, композицияға) сәйкестігі;
- Әзірлемені құрастырудағы идеяның креативтілігі;
- Нәтижелілік (материал білім алушылардың ойлау әрекетін дамытуға қаншалықты ықпал етеді);
- Техникалық жарактандыру (АКТ-ны пайдаланудың әртүрлілігі мен орындылығы, көрнекілік және т.б.).

Жұмыстар белгіленген мерзімнен кеш қабылданбайды. Талаптарды бұза отырып дайындалған материалдар қарауға жатпайды. Байқау материалдарын рецензияланбайды және қайтарылмайды.

I – II кезеңнің нәтижесі бойынша қазылар алқасы байқау жеңімпаздарын, сондай-ақ байқау қатысушылар арасындағы номинацияларды анықтайды.

4. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

4.1. Қазылар алқасы шешімі негізінде байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарды (1, 2, 3) орындар анықтайды («Үздік әлеуметтік жоба», «Әлеуметтік педагогтың оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға қосқан үлесі», «Шебер», «Ең белсенді әлеуметтік педагог», «Ең шығармашылық әлеуметтік педагог» номинациялары). Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

4.2. Байқау нәтижелері байқау аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.